

R00044 12.12.2020

«Менің туған өлкем» Жер бедері деген не? Лепті сөйлем

НУРДАУЛЕТОВА НУРГУЛ ХАСЕНОВНА

Алматы облысы, Балқаш ауданы Ақдала ауылы
"Ақдала орта мектебі Бояулы шағын жинақталған
бастауыш мектебімен" мемлекеттік коммуналдық
мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақ: қазақ тілі	Мектеп:
Бөлім:	«Менің туған өлкем» Жер бедері деген не?
Сабақтың тақырыбы:	Лепті сөйлем
Күні:	Педагогтың аты-жөні:
Сынып: 2	Қатысқандар: Қатыспағандар:

Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.7.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) 2.1.4.1 Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.3.6.1 Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу ;
Сабақтың мақсаттары	Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді; Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай салыстырып, ажыратады; Берілген тақырып бойынша тұжырым жасап, талдайды;
Бағалау критерийлері	1. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады және сәйкес тыныс белгілерін қолданады; 2. Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрауды біледі; 3. Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазады;
Сабақтың барысы	
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті Оқушы әрекеті Бағалау Ресурстар

 	ұсынамын.  12-жаттығу «Жұптас, ойлан, бөліс!» ЖЖ  Сергіту сәті 13-жаттығу «Мазмұнын түсіндір» ӨЖ  14-жаттығу «Галерея стратегиясы» ТЖ Әр топтың жыл мезгіліне байланысты суреті салынған плакаттары қабырғаға ілінеді.	мәтіннің мазмұнын болжайды; Мәтінге ат қояды; Мәтіндегі кейіпкерлердің тіршілік ортасын анықтайды; Сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазады; Суретке қарап сөйлемдерді жұптасып оқиды; Суретке қарап лепті сөйлем құрап айтады; Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады ; Бір-бірін тыңдап бағалайды; Музыкалық жаттығу Мақалды дауыстап оқиды, мазмұнын түсінеді,	Мадақтау Жарайсыздар! Керемет жауап! Жарайсыңдар! Өте жақсы!	Айтылым Презентация 4-бет Жазылым Презентация 5-бет
---	--	--	--	---

		түсіндіреді; Берілген сұрақтарға жауап береді; Жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелейді; Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазады; Әр топ постерлерін қорғайды, өз ойларын дәлелдейді; Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін салыстырады, тұжырым жасайды; Әр топ өз жыл мезгіліне байланысты лепті сөйлем құрайды, тыныс белгісін қояды;		Презентация 6-бет
--	---	--	--	-------------------------------------

Соңы	Кері байланыс: «Алма ағашы»  Оқу тапсырмасы: 106 -бет 15- жаттығу	Жаңа тақырыпқа кері байланыс жасайды.	Жарайсыңдар ! Бүгінгі сабаққа өте жоғары деңгейде қатыстыңызда р	Презентац ия 7-бет
Қосымша мәліметтер				
Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Қабілетті оқушыға қосымша карточкалар беремін. Барлық оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Сөйлем түрлерін айтылыу мақсатына қарай салыстырып, ажыратады; Кейбір оқушылар орындай алады: Берілген тақырып бойынша тұжырым жасап, талдайды;		Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Жұптық, топтық, өздік жұмыста жұлдызша, житондар арқылы бағалаймын. Мадақтау, марапаттау арқылы бағалауды жүзеге асырамын.	Пәнаралық байланыс-өмір қауіпсіздік негізі. Музыка. АКТ мен байланыс Құндылықтармен байланыс: Рухани-жаңғыру бағдарламасы: «Бәсекеге қабілеттілік» , «Сананың ашықтығы » (тәрбие элементі)	

R00045 12.12.2020

**Жаңартылған білім берудегі критериалды
бағалау жүйесінің артықшылығы**

СЫДЫКОВА ГУЛЬНАЗ МЫРЗАХАНОВНА

*Алматы облысы, Балқаш ауданы Ақдала ауылы
"Ақдала орта мектебі Бояулы шағын жинақталған
бастауыш мектебімен" мемлекеттік коммуналдық
мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі*

Мақсаты: Критериалды бағалау жүйесін қолданудағы іс-тәжірибемен бөлісу, аталған бағалау жүйесінің артықшылығы мен маңыздылығына тоқталу. Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген. Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу

бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:

- ✚ Мектепте оқыту сапасын жоғарылату
- ✚ Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:

- ✚ алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- ✚ анық, айқындылығы;
- ✚ бағаның әділдігі;
- ✚ өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:

- ✚ Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі белгіленеді
- ✚ Нақты балдар немесе бағалар қойылады

Анықтамасы :

Критериалды бағалау технологиясы-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

Бағалауды қолданудың екі тәсілі:

✚ Қалыптастырушы бағалау- (*formative*) баға жақсарту мақсатында жасалатын қадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.

✚ Жиынтық бағалау- (*summative*) өмілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау –сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Қолданылуы:

- ✚ Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек.
- ✚ Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.
- ✚ Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.
- ✚ Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

Негізгі ұстанымдар

- ✚ Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.
- ✚ Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі. болуы шарт.
- ✚ Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
- ✚ Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Жиынтық бағалау (суммативное оценивание):

- ✚ Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады.
- ✚ Мазмұны оқылған материалды қамтуы керек.
- ✚ Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

Критериалды оқытудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы:

Нақтылық

Әділдік

Ынталандыру

Белсенділік

Жеке тұлға

Критериалды бағалау технологиясының оқытуды жақсартудағы 5 қағидасы

Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Бағалаудың мақсаты

Оқытудың қиындықтарын анықтау;

Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);

Болжау және сұрыптау;

Стандарттарды бақылау және орындау;

Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Қалыптастырушы бағалау

Мұғалім үшін-

оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады;

оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді;

жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды.

Оқушы үшін-

өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі;

маңыздыны түсінуге көмектеседі;

қолынан не келетінін түсінеді;

білмейтін тұстарын анықтайды;

нені істей алмайтынын түсінеді.

R00046 12.12.2020

Қауіпсіздік ережелері

КУРМАНБАЕВА РАБИГА АУЕЛБЕККЫЗЫ

Түркістан облысы Төлеби ауданы "Ақбастау жалпы
орта білім беретін мектебі"КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: Дүниетану	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 2	
Сабақтың тақырыбы:	Қауіпсіздік ережелері
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын мақсаттары:	1.1.4.3. Үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. 1.1.4.6. Шұғыл көмек қызметтерін біледі және олармен хабарласу жағдайларын анықтайды. 2.1.2.1. Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:
	Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді;
	Оқушылардың басым бөлігі:
	Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірілген ресурстармен жұмыс жасайды;
	Кейбір оқушылар:
	Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады;
Бағалау критерийлері	1. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады; 2. Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады; 3. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады; 4. –Үйдегі және көшедегі қауіпті заттар мен жағдайларды атайды. 5. –Үйдегі қауіпсіздік ережелерін тұжырымдайды. –Жедел көмек көрсету қызметтерін атайды.
Тілдік мақсат	Қауіпсіздік ережелері
	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздерді сабақ барысында қайталап айту.

	ПАЙДАЛЫ ТАҒАМДАР  ЗИЯНДЫ ТАҒАМДАР  Дескриптор: 1. Өз пайымдауларымен әңгімелейді; 2. Тағамдардың құрамын анықтайды;	
Сабақтың ортасы:	3. Пайдалы тағам түрлерін атайды; 4. Бірін-бірі толықтырады, бағалайды; Кері байланыс: «смайликтермен» ҚБ «жұлдызшалар» Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Алақанды ұрайық Бір отырып, бір тұрып Біз демалып алайық. - Ал , балалар, өмірде пайдалы және дұрыс тағамдарды тұтына біліңіздер дегім келеді. - Ал дұрыс тамақтанумен қатар тағы нені білуіміз керекпіз, балалар? - Қауіпсіздік ережелерін. Жаңа сабақ: «Қауіпсіздік ережелері» №1. бейнежазба - Олай болса, мына бейне жазбаға назарымызды аударайық..... - Бейнежазба не туралы болды? - - Сіріңкемен ойнауға болады ма екен? - Бәрі бірге: Ережелер еліне Саяхатқа барайық. Қауіп-қатер төнсе егер	Іс-қимылмен көрсетеді. А3 қағазы маркерлер қарындаштар

	Сақтық жолын табайық! - Өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтау үшін бірнеше ережемен танысайық. Мұғалімнің түсіндірмесі: Ас үйге сән беретін-газ плитасы. Көгілдір от тұрмыс-тіршілігімізде көп орын алады. Десек те, оны ұқыпты ұстап, жаға білуіміз керек. Егер газ плитасының бір кемшіліктері байқалса, дереу ата-анаңа айтып ескертуің керек. Өйткені ата-анаң газ бөлімшесінің арнаулы мамандарын шақырады. Газ плитасы тұрған бөлмені жиі-жиі жеделдету керек. Егер газдың күлімсіген иісін сезсең дереу 104 нөміріне хбр су керек. Газдың иісі шыққан жерде сіріңке , электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды. Тұрмысымызда тағы бір көп қоданатынымыз- электр жүйесі. Электр-жарық көзі. Бір күн үйімізде жарық көзі келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбасақ, одан да өрт шығуы мүмкін. Өрт шықса 101 нөміріне хбр мыз керекпіз. «Топтастыру» «Үйдегі қауіпті заттар» -ҚБ ... жұптық жұмыс (парақшамен) Мына берілген - Ал , балалар, үйден өрт шықса, не бір жерін ауырып тұрса не ұры-қарақшылар	
--	--	--

	келіп, есігінді бұзып ашып жатырса қандай нөмірлерге телефон соғамыз? - Оқушыларды 101,102,103 деп 3 топқа бөлемін. - №2 бейнежазба Жеке жұмыс : - Ол ережені қазір мына заттар суреттерін тандай отырып, құрастырып айтасыздар:ЖЖ 1) Қайшы 2) Шырпы 3) дәрі - Балалар, суретке қарап 2 сөйлемнен құрап айтады. Және қай тел нөміріне дереу хбр лау керектігін айта кетулері керек ТЖ. - «Денсаулық пен қауіпсіздік» Суреттегі берілген жағдаяттарды қарап, не істеу керектігін топ болып талқылайды. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстаудың қауіпсіздік ережелерін құрасытырып айтады. «ИӘ» «ЖОҚ» 1. Жолдан бағдаршамның жасыл көзі жанғанда өту керек. 2. Жолдың бойында ойнауға болады. 3. Үзіліс кезінде дәлізде жүгіруге болады. 4. Суға рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу керек. 5. Аулада бөтен адамдармен сөйлесуге болмайды. Қорытынды: Қауіп-қатер бізге кез келген уақытта және кез келген жерде кездесуі мүмкін. Ғалымдар адамның үйінің өзі де тіптен қауіпсіз емес екенін анықтады. Сондықтан үйде жазатайым жағдай болуы әбден мүмкін. Тұрғын үй қауіпсіз болуы үшін қауіптің алдын алу қажет. Байқампаз әрі мұқият болсаң , онда ешқандайда жаман оқиғаға ұрынбайсың!	
Сабақтың соңы	Кері байланыс: «Білім ағашы» арқылы сабақ түсінгенін, не түсінбегенін білдіру.	
Үйге тапсырма: 52-53 бет оқу .		

R00047 12.12.2020

Қашықтықтан оқытудың маңызы және рөлі

ДАМОЛДИНА ЖАНАТ КУАНЫШОВНА

*Атырау қалалық № 24 орта мектептің
мектепалды даярлық топ тәрбиешісі*

Қазіргі уақыттағы бүкіл әлемде ушығып тұрған эпидемиялық төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту мәселесіне көшуге тура келді. Мұғалім мен оқушы енді алшақ отырып, яғни қашықтан жұмыс жасап отыр. Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын білімді қабылдау түрі болып табылады.

Қашықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту; олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету.

Еліміздегі 3 миллионнан астам оқушының тиісті білім алуын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Бұған дейін ұстаздың қарсы алдында отырып сабақ алған бала алғаш рет компьютер мен смартфонға үңілмек. Ал қашықтан оқытуға “Balapan” (қазақ тілінде) мен “Еларна” (орыс тілінде) телеарнасы да атсалысып жатыр.. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, аз уақытта жұмыс тобы құрылып, мамандар жаңа форматтағы білім жүйесінің моделін жасады. “Індет кезеңінде оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша уақытша шаралар енгізген көршілес елдердің тәжірибесі, халықаралық тәжірибе зерделенді. Оқушылар үшін 2 мыңнан астам телесабақ әзірленеді. «Қашықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді.

«Онлайн-оқыту» тақырыбы интернет-байланыс арқылы жүреді. Яғни, мұғалім мен оқушы бір-бірінен бөлек тұрады. Ұстаз тапсырмаларды беріп, оның орындалуын қарап, бағалап, кері байланыс жасап, қайтадан оқушыға жібереді. Оқушылар өз кезегінде сабақтарға қатысып, берілген тапсырмаларды орындап, мұғалімге тексеруге жібереді. Бас кезінде айтарлықтай қиындықтар туындады, бірақ ұстаздар үнемі тығырықтан шығатын жол іздеп жүретін адамдар. Сабақ жоспарының тезисін құру арқылы тапсырмалар дайындап, оларды оқушыларға Күнделік кз, вацап арқылы жіберіп, кері байланыс орната алатын мүмкіндігіміз бар. «Біз үшін барлық сабақ орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай оқу бағдарламасы бойынша, сабақ кестесіне сәйкес, цифрлық білім беру ресурстары бойынша әдістемелік қолдаумен және мультимедиялық материалдармен қамтамасыз етіліп, ұстаздар үшін алдын ала әзірленген жоспар бойынша жүргізілгені маңызды. Бастысы, білім алу тетігі сапаға әсер етпеуі қажет,»- деген Министрдің айтқанын қолдап, расында, сапа төмендеп кетпесе екен деп уайымдаймыз. Барлық жер шарының тұрғындары осы індеттен тез жазылып, оқушылармен бетпе-бет жүздесуге асықпыз!

Осы IV тоқсандағы тәжірибемнен қоса кететін болсам, маған қашықтықтан оқыту ұнады. Себебі орта жаста болсамда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану білімдерімді тереңдеттім. ZOOM платформасымен видеосабақ жасауды үйреніп, оқушыларға шағын сабақтарды түсіндіріп Whatsapp желісі арқылы жіберіп отырдым. Сонымен қатар оқушыларда үнемі кері байланыс жасап отырды. Осы тұста айта кететін жағдай, оқушылар үй жағдайындағы қол жетімді құралдармен кері байланыстарын жасады. Мұндағы бір ерекшелік сыныпта көп ашыла бермейтін оқушылардың белсенділігін байқадым.

Қашықтан оқыту тек оқушылардың емес, ата-аналардың да белсенділіктерін оятты, оған дәлел ретінде 2 сәуірде өткен жалпы ата-аналар жиналысын айтуға болады. Қашықтықтан оқыту ұстаз еңбегінің қиын екендігін, оқушы мен ата-анаға ұғындырып, ұстаздың мәртебесі жоғары екендігін дәлелдеді. Сол еңбегімізді біліп ата-аналар өздерінің жүрекжарды тілектерін білдіріп, рахмет-алғыстарын айтқан видеороликтерінде қабылдадым.

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;
- Интерактивті әрекеттесу формалары;
- Сапалы білім алу;

- Уақытты үнемдеу;
- Ыңғайлы уақытта оқу;
- Территориялық шектеулер жоқ;
- Денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ.

Бұл оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде мұғалім оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Мұғалім оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды, тәрбиеге қатысты жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда мұғалімнің рөлі арта түседі және өзгереді. Қашықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

R00048 12.12.2020

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

ЖОДАСОВА АЙНУР АЛИБЕКҚЫЗЫ


Түркістан облысы Төлеби ауданы Ақбастау жалпы орта білім беретін мектебі КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Мектеп:		
Сабақ тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері		
Пәні: Дүниетану		
Күні:	Мұғалімнің есімі :	
Сынып:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	2.3.5.2 Бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін біледі және оларды атай алады;	

	Оқушылардың басым бөлігі: Мемлекеттік рәміздердің мән-мағынасын аша алады. Кейбір оқушылар: Мемлекеттік рәміздердің қолданылу саласын анықтайды.	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын атайды.	
Тілдік мақсаттар	Мемлекеттік рәміздер және оның қолдану саласы туралы әңгімелей алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Ту,елтаңба,гимн,мемлекеттік рәміз Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Салт-дәстүр,ауыз әдебиет Үш тілділік: ту – флаг – flag	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану	
Құндылықтарды дарыту	❖ Жеке жұмыс жасау кезінде өзгелердің пікіріне құрметпен қарауы; ❖ Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және патриоттық тәрбиеге баулу. ❖ Оқушылар топпен жұмыс жасауда достық және айналасындағыларға қамқорлық көрсету, қарым-қатынас жасауы қалыптасады	
Пәнаралық байланыстар	Қазақ тілі, әдебиеттік оқу	
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, слайдтар, бейнежазбалар.	
Алдыңғы оқу/Бастапқы білім	Мемлекеттік рәміздерді біледі.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5 минут	1. Ұйымдастыру. Ширату. Оқушылар топта тұрып бір-біріне сәттілік	

	тілейді. 2. Оқушылардың қызығушылығын ояту: Оқушыларға көздерін жұмып, олардың нағыз Қазақстандық екенін сезінуге немесе ұғынуға көмектесетін екі зат туралы ойлаулары сұралады. Олар көздерін ашқан кезде оқушылардың жауаптары тыңдалады. -Балалар, көз алдарыңызға не елестеді? (Ту, Астана қаласы, Бәйтерек, Елтаңба, Президент, т.б.) - Неліктен? (Себебі,) Оқушылардың жауаптары тыңдалады. Топтарға біріктіру. «Ынтымақ», «Достық», «Бірлік». Оқушылар күннің, ұлттық оюдың және қыранның суреттерін таңдау арқылы топтарға бірігеді. Сабақтың ұранымен таныстырылады “Білімдінің жұлдызы жарық», сабақ барысындағы орындалған жұмысқа жұлдызшалар беріледі. Ой қозғау: -Балалар, неліктен бұл суреттерді таңдадық? Суреттегі заттар қайда бейнеленеді? -Балалар, қалай ойлайсыздар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ? (оқушылар жауабы тыңдалады) Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.	Топтың аты
Ортасы 5 минут	Интерактивті тақтадан «Тәуелсіз Қазақстан» бейне жазбасы көрсетіледі. Жұптық жұмыс. «Сен – маған, мен - саған» әдісі. Бейнежазба бойынша оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді. - Қазақстан қандай ел?	https://www.youtube.com/watch?v=bgiV_8YvbqI

6 минут	- Қазақстанның мемлекеттік нышандары қандай? - Қазақстанның астанасы қай қала? - Ел президенті кім? - Мемлекеттік нышан деген не? «Мемлекеттік рәміздер» атты слайд көрсетіледі. Топтық жұмыс. Сиқырлы микрофон Тапсырма: өз мектебімізге шетелден туристер келді делік. Келген қонақтарға еліміздің мемлекеттік рәміздерін таныстыру керек. Топ болып ақылдасып, араларынан бір журналист шығып айтады. 1 топ – елтаңбаны; 2 топ – туды, 3 топ – гимнды таныстырады.	Слайд
3 минут	Жұлдызшалар арқылы бағаланады. Мемлекеттік рәміздер қайда қолданылады? Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып айт. 	Суреттер
5 минут		

5 минут	Дескриптор: - Мемлекеттік рәміздер жайлы біледі. - Мемлекеттік рәміздердің қолданылу аясын анықтайды. Көңілді смайликтер арқылы бағаланады. Оқушылар геометриялық фигуралар арқылы кері байланыс береді. Жұлдызша – маған бәрі түсінікті. Төртбұрыш – сұрақтарым бар. Үшбұрыш – көмек керек. Оқулықпен жұмыс. Дәптермен жұмыс.  	Оқулық Жұмыс дәптері
5 минут	Суретте берілген Елтаңбада нелер бейнеленгенін жаз. Ол бейнелер қаланы айшықтап тұр ма? Байқоңыр қаласының Елтаңбасы _____ _____ Көкшетау қаласының Елтаңбасы _____ _____	Деңгейлік тапсырма

	Қарағанды қаласының Елтаңбасы Саралау бойынша тапсырмалар. Қай белгі екенін анықтаңыз. 1.Төлқұжатта, туу туралы куәлікте, орта білім туралы аттестатта құжаттарда бейнеленген (Елтаңба) 2.Президент резиденциясында, Үкімет үйінде ілулі тұрады. Барлық мекемелерде бар. (Ту) 3.Республика, облыс, аудан көлеміндегі маңызды салтанатты мәжілістерде орындалады. (Әнұран)	
Аяқталуы 4 минут 2 минут	Сабақты қорытындылау. «Ия, жоқ» әдісі Сын тұрғысынан сұрақтарға жауап беру (иә, жоқ) 1. Қазақстан жері кең байтақ 2. Қазақстан 5 мемлекетпен шектескен 3. Астанасы – Алматы 4. Ұлты қазақ 5. Пайдалы қазбаларға өте бай 6. Өсімдіктер әлемі алуан түрлі 7. Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық - өзендер 8. Ту, Елтаңба, Әнұран еліміздің рәміздері 9. Мемлекеттік тіл – орыс тілі 10. Менің Отаным – Қазақстан Кері байланыс: «Білім қоржыны» Бағалау. «Білімдінің жұлдызы жарық». Жұлдыз көп жинаған топ анықталады. Жұлдыз саны бойынша «Нәтижеге жетті», «Талпыныс бар», «Әлі де іздену керек» қорытынды кері байланыс жасалады.	<i>Білім қоржыны</i>  ★ ★

Қосымша ақпарат	
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Топтық жұмыс, жұптық және жеке жұмыс арқылы сабақты меңгерту барысында «Ширату жаттығуы» арқылы сыныпта көңілді ахуал орнатамын. «Ой қозғау» әдісі арқылы тапсырма беремін. Топтық тапсырмалар орындайды, бір-бірін бағалайды. «Иә, жоқ» әдісі арқылы сын тұрғысынан сұрақтарға жауап береді. Тапсырмаларды жылдам қарқынмен орындайтын оқушыларға қосымша тапсырма жоспарлаймын. (Деңгейлік тапсырмалар)
Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	«Мадақтау»-жарайсың, өте тамаша, жақсы, керемет ... т.б. Басбармақ арқылы, «Геометриялық фигуралар» әдісі, «Білім қоржыны» әдісі, жұлдызшалар, көңілді смайликтер, ауызша және стикерлер арқылы қалыптастырушы бағалауды іске асырамын
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	
Қорытынды бағамдау	
Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек? 1. 2.	

R00049 12.12.2020

Менің ауылым. Менің қалам

КАЛИЕВА САЛТАНАТ АУЕЗОВНА

Ақмола облысы. Целиноград ауданы
Талапкер ауылы № 3 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: дүниетану Сабақтың тақырыбы: Менің ауылым. Менің қалам Күні :		Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны :	
Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	2.1.3.1 Өз зерттеулеріне сүйене отырып, аймағының көрнекі жерлерін сипаттау және бейнелеу		
Сабақ нәтижесі	Барлық оқушылар орындай алады: Оқушылардың барлығы ауыл мен қаланы ажырата алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.		
Бағалау критерийі	1. Ауыл мен қаланы ажырата біледі. 2. Ауыл мен қаланы салыстырады 3. Ауыл мен қалаға арнап шағын эссе және төрт жолды өлең құрастырады		
Ресурстар	Оқулық,суреттер,топтық тапсырмалар,кері байланыс,стикер,интербелсенді тақта,видео		
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап,әңгімелеу,түсіндіру,ойын ,көрнекілік,рефлексия		
Пәнаралық байланыс	Әдебиеттік оқу, жаратылыстану		
Сабақ барысы:			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері:	Сабақта жоспарланған іс-әрекет:		Ресурстар

Басталуы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру: Саламатсыздарма балалар! Көңіл-күйлерің қалай? -тамаша Онда балалар сабағымызға сәттілік тілейміз Сәтті өтсін сабағымыз Ашық болсын қабағымыз Балалар бір-бірімізге күлімдей қарап, сәттілік тілейміз. (сәттілік) Қазір бізде қандай сабақ? -Дүнетану Дүниетану сабағын Зейін қойып оқимыз, Берілген тапсырманың барлығын, Беске орындап береміз. -Рахмет, балалар. Менің бүгінгі сабақта сендерге тілерім ұшқыр ой, ойларыңа - саналы сөз тілеймін. Топтың ережесін еске салайық Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз Ұйымшыл боламыз десек 2-рет қол шапалақтаймыз Белсенділік танытамыз десек 3-рет қол шапалақтаймыз	«Психологиялық ахуал» тренинг
	Ұй жұмысын тексеру мақсатында жеке тапсырма беремін. 1.Қазақстан картасынан өз облысыңды белгіле (!). 2.Өз облысыңның орталығын (қаланың атауын) жаз.	Күлегеште р арқылы бағалау
Облыс орталығы - қаласы.		
	Балалар қазақстанда көрікті,тарихи қалалар өте көп деген едік.Қазақстанның ежелгі қалаларына қай қалалар жатады екен? Түркістан,Тараз,Алматы.Бұл біздің отанымыздың тарихы тереңде жатқанын білдіреді.Еліміздің қалалары бір-бірімен не	

	арқылы байланысады? Теміржол арқылы,әуе жолдары және де автомобил жолдары арқылы байланысады	
Жаңа білім 10 минут	1.Білу және түсіну «Ой қозғау» әдісі 1.Қыста жауады Қар Ардақты жан Ана 2.Ақ пен қара ала Киіз үй бөлшегі уық 3.Топыраққа су құйсаң лай Ашу(синонимі) ыза 4.Бал жинайды ара таза (антоним) лас Балалар сонымен біз бүгін «Менің ауылым.Менің қалам.тақырыбымен таныс боламыз.Сабағымыздың мақсаты ауыл мен қаланың айырмашылығын білетін боламыз,ауыл мен қаланы сипаттаймыз жәнеде салыстырамыз. 2.Мағынаны тану Әркімнің туып –өскен ауылы немесе қаласы бар. Біз оны туған жер , атамекен деп атаймыз. -Мен ауылда тұрамын. Ауылым өзен жағасында орналасқан. Жаз айында өзенге шомылып, күнге қыздырынамын. Біздің ауылымызда мал бағады, егін егеді, жеміс-жидек өсіреді. Оның өнімдерін қалаға жеткізеді. - Мен қалада туып өстім. Мұнда әдемі биік үйлер, кең де көрікті көшелер бар. Қалада оқу орындары, театрлар мен мұражайлар жұмыс істейді. Сондай-ақ қаламызда киім фабрикасы, автомәшине шығаратын үлкен зауыт бар. Сүтті дүкеннен сатып аламыз. ЖЖ.Өз ауылың немесе қалаңның өмірі жайлы досыңмен әңгімелес.	«Ой қозғау» әдісі Ребусты шешу Суреттер
Ортасы 10 минут	1)Т.Ж.1-топ:қала тіршілігіне қатысты суреттерді топтастырады. 2-топ:ауыл тіршілігіне қатысты суреттерді топтастырады. 3-топ:қала мен ауылдың айырмашылығын айқында.сәйкестендір	жұптық жұмыс диалог түрінде суреттер маркер ақ қағаздар,же лім Бағдаршам түстері

4 минут	Дискриптор: 1.қала мен ауылдың айырмашылығын біледі.суретті сәйкестендіреді. 2.қала және ауылға қатысты суреттерді топтастырады. Бағалау:Әр топты бағдаршам әдісі арқылы бағалаймыз. Балалар Шағын елді мекеннің табиғатын, тарихы мен мәдентетін өлкетану ғылымы зерттейді. Әр ауылдың немесе қаланың өз тарихын әйгілейтін мәдени орындары бар. Олар сол жердің тарихи, мәдени өмірін көрсетеді. Өлкетану мұражайы – бұл сол өлкенің тарихи жәдігерлері мен табиғат байлығын, мәдениеті мен әдебиетін жинақтайтын орын. Оны сен әр қаладан , әр өлкеден кезіктіре аласың. Жақсы балалар біз өткен сабақта аудан орталығындағы мұражайда болған едік.интербелсенді тақтаға қарап,өз ойларымызды айтамыз. 2)ТЖ(Т) «Суреттер стратегиясы» . 1 топқа –ауыл, 2 топқа-қала тіршілігіне қатысты суреттер беріледі. 3 топқа-мұражай суреттері беріледі. Әр топ өзіне берілген сурет бойынша әңгімелейді. - Қандай суреттерді көріп тұрсыңдар? - Осы суреттер арқылы әр топ өз ойларын айтып көріңдерші? Дискриптор: 1.Ауыл мен қала айырмашылығын біледі 2. Туған жердің мәдени-тарихи естеліктерін мұражай туралы ақпараттар алады. Дәптермен жұмыс ЖЖ. 3- тапсырма Қолдану Ауыл адамдары қала халқына қандай тағам түрлерін береді ? Ал қала халқы қандай өнімдер береді ? Қала-	Мұражай туралы мәліметтер «Суреттер стратегиясы» .
---------	---	--

	Ауыл- Қалыптастырушы бағалау ҚБ <table><tr><td>№</td><td>Белгілері</td><td>«Қ»</td><td>«А»</td></tr><tr><td>1.</td><td>Көп қабатты үйлер</td><td></td><td></td></tr><tr><td>2.</td><td>Төрт түлік</td><td></td><td></td></tr><tr><td>3.</td><td>Трактор</td><td></td><td></td></tr><tr><td>4.</td><td>Зауыттар мен фабрикалар</td><td></td><td></td></tr><tr><td>5.</td><td>Бау-бақша</td><td></td><td></td></tr><tr><td>6.</td><td>Зәулім ғимараттар</td><td></td><td></td></tr></table>	№	Белгілері	«Қ»	«А»	1.	Көп қабатты үйлер			2.	Төрт түлік			3.	Трактор			4.	Зауыттар мен фабрикалар			5.	Бау-бақша			6.	Зәулім ғимараттар			
№	Белгілері	«Қ»	«А»																											
1.	Көп қабатты үйлер																													
2.	Төрт түлік																													
3.	Трактор																													
4.	Зауыттар мен фабрикалар																													
5.	Бау-бақша																													
6.	Зәулім ғимараттар																													
Сергіту сәті 3минут	Балалар біздің туған өлкеміз не деп аталады? Отан Біздің отанымыз-Қазақстан.Олай болса М.Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін біргелікте айтайықшы. Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем, Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған, Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған Жаным менің, Кеудемді жарып шық та, Бозторғайы бол оның шырылдаған! Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.	Оқушылар өлең айтып сергіп қалады																												

5минут Кері байланыс Бағалау 3 минут	ЗУТЖ 1-топ: Өзің тұратын ауылың туралы айтып бер. 2-топ: Өз ауылың туралы бір шумақ өлең шығар. 3-топ: Өз ауылыңның көркеюіне қандай үлес қосар едің? Дескриптор: Ауыл мен қаланы қалай көркейту керек екенін түсінеді. Кері байланыс жұлдызшалар арқылы бағаланады «Жарнама» әдісі Тапсырма: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, қала мен ауылды жарнамалаңдар. Оқушылар ауылдың немесе қаланың екі жақсы көретін және бір ұнатпайтын жағын атайды. «Рефлексиялық шеңбер» Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. ☀ Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? ☀ Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? ☀ Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? ☀ Сабақта қандай қиындықтар туындады? ☀ Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен? Жарайсыңдар, балалар! Алға қойған мақсатқа еңбектеніп жеттіңдер. Ауыл мен қала жайлы зерделеп,біліп көрдіңдер. Үйде тағы қайталап,қосымша білім жинақтап. Келесі жолғы сабаққа үлкен дайындықпен келіңдер!	жұлдызша «Жарнама» Әдісі «Екі жұлдыз, бір тілек» Рефлексиялық шеңбер
Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс. Үйге тапсырма: 38-39 бет мазмұндау		

Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырасыз? Дарынды және талантты оқушыларға «Ойлан,тап» ойыныі арқылы жылдамдыққа сұрақтар қойып жауап аламын және «Ауыл мен қаланы болашақта қалай елестетуге болады?» деген сұрақтар беру арқылы оқушыларды сыни ойлауға, өздігінен шешім қабылдай алу дағдысын дамытамын. Үлгерімі төмен оқушыларға жеңіл сұрақ-жауаптар мен терминмен жұмыс берілді.	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Басбармақ, жұлдызша, Смайликтер арқылы бағаланады.	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы Байланыс Денсаулық және қауіпсіздік, техникасының сақталуы Партада дұрыс отыруы. Интербелсенді тақтамен жұмыс жасауда абай болу.
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Сабақ/оқу мақсаттары шынайы. - Ауыл мен қаланың айырмашылығын біледі. - Өзінің туып өскен жеріне еш нәрсе жетпейтінін түсінеді. - Ауыл мен қалаға арнап төр жолды өлеңдер шығара білді. - Сыныптағы ахуал ауыз біршілікте болды. - Жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды деп ойлаймын. - Берілген уақытты оқушылар тиімді пайдаланып, тапсырмалардың бәрін орындап үлгерді. - Мен өз жоспарыма мынандай түзетулер енгіздім: уақытты тиімді қолдану, сабақта әдіс-тәсілдерді түрлендіруді, тақырып бойынша берілген сұрақтардың маңыздылығына назар аудардым.	

Қорытынды бағамдау
 Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
 1: Көрсетілім аспектісі
 2: Бала өз ойын жеткізуі
 Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
 1: Қызығушылығын арттыру
 2: АКТ
 Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?
 Үлгерімі төмен оқушыларға топтық тапсырмаларды қорғату керек. Жекелей сұрақтар қойған дұрыс. Олар аз сөйлейді.

R00050 12.12.2020

Жай және құрмалас сөйлем

МАХАНОВА САНДУГАШ БЕРИКОВНА

*Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Шығанақ ауылы
 С. Сейфуллин орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қысқа мерзімді жоспар

Күні:	Қазақ тілі. сынып
Сабақтың тақырыбы	Жай және құрмалас сөйлем
Сабақтың мақсаттары	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем туралы ұғымды меңгерту, суреттер арқылы мәтін құрастырып, талдай білуге баулу, жай сөйлемнен құрмалас сөйлемді ажырата білуге үйрету, сөйлем туралы өткенді пысықтау;
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	1. Жай сөйлемнен құрмалас сөйлемнің айырмашылығын білу. 2. Топпен бірлесіп жұмыс жасауға қалыптастыру. 3. Өз ойларын еркін айта білуі.
Жетістік критерийлері	Сөйлем, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдер туралы түсініктерін байытады, оқу – жазу дағдылары қалыптасады, оқуға деген құштарлықтары артады
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
Пәнаралық	Әдебиеттік оқу

байланыс		
АКТ қолдану дағдылары	Аудиожазба , таныстырылым.	
Тілдік құзыреттілік	Баланың тілін бейнелі сөзбен байыту, сөйлеу мәдениетін дамыту, сауатты көркем жазу дағдыларын жетілдіру;	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Мозайка» әдісі бойынша оқу-құралдары арқылы сыныпты топқа бөлу топқа бөлу, психологиялық ахуал қалыптастыру, топ басшыларын сайлау, алтын ережені еске түсіру, бағалау критерийлерімен таныстыру	
Сабақтың барысы:	«Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақ-жауап I топ –Сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір. II топ –Жай сөйлем дегеніміз не? III топ – Жалаң сөйлем дегеніміз не? IV топ – Жайылма сөйлем дегеніміз не? т.б. Дескриптор 1.Ережені біледі. 2.Сөйлем құрап, талдай алады. Жаңа сабаққа тұсау кесер: 1-жаттығу. Екі бағандағы берілген сөйлемдерді оқып, оларды салыстыру. Сөйлемдердің бір – бірінен қандай айырмашылықтары бар екенін табу. Сөйлемдерді көшіріп, бастауышы мен баяндауышын тауып, астарын сызу. Дескриптор: 1.Сөйлемдерді салыстырып, бір-бірінен айырмашылықтарын табады. 2.Бастауышы мен баяндауышты тауып астын сыза алады. 3. Ойын дәлелдей алады.	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс
Оқулықпен жұмыс.		

Тақтамен жұмыс	Бейнетыңдалым. Жай және құрмалас сөйлем туралы тыңдау. Ойтолғау. Жалғасын тап: 4 топқа бөліп беру. 2 – жаттығу. Берілген жұмбақтардың екінші жай сөйлемін тауып жазу. Дыбыс естісе қашады, Қырқаны бір – ақ асады. (қоян) Гүрілдеп жүреді, Жердің бетін сүреді. (бульдозер) Көрінбейді өзі, Естіледі сөзі. (жаңғырық) Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп жатады. (мұз) 3 – жаттығу. Мақалдарды көшіріп жазып, әр мақалда қанша сөйлем бар екенін айту. Бастауышы мен баяндауышты табу. Ердің атын еңбек шығарар. (1 жай сөйлем) Жақсы өз басынан көреді, Жаман жолдасынан көреді. (2 жай сөйлем) Достықтың төлеуі – достық. (1 жай сөйлем) Дескриптор: 1. Екінші жай сөйлемді таба алады. 2. Бастауышы мен баяндауышты таба алады. 3. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді ажыратады.	
Сергіту сәті 1 минут	Көңілді күн	Бейнежазба
Қызықты тапсырма	4-жаттығу (ауызша талдау) 5-жаттығу. Жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құрап жазу	Түрлі тапсырмалар

	Дескриптор: 1. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді ажыратады. 2. Екі жай сөйлемдерден құрмалас сөйлемдер құрап жаза алады. Топтық жұмыс. I топ – Суретке қарап : жай сөйлемнен бір мақал, құрмалас сөйлемнен бір мақал жазу. II топ –Екі суреттен бір жай және бір құрмалас сөйлем құрау III топ – Венн диаграммасы IV топ – Семантикалық карта Дескриптор: 1. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді ажыратады. 2. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем құрап жаза алады. 3. Өмірмен байланыстырады.	
Сабақтың соңы 2 минут	Рефлексия Кері байланыс	

R00053 12.12.2020

Жаңартылған білім мазмұны-заман талабы

АЛИАСКАРОВА АКЕРКЕ НҰРГЫЗЫЕВНА

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы

«Рахым Сарсенбин атындағы № 192 ЖББМ» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе, Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктейді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал

ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайды. Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйреті; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

R00052 12.12.2020

ҰЛЫҚТЫ ҰЛ, ҚЫЛЫҚТЫ ҚЫЗ ТӘРБИЕЛЕУ - ОТБАСЫНЫҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫ

ДЖАРТАЕВА КАРЛЫҒА ЕРМЕКБАЕВНА

*Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Рахым Сарсенбин атындағы
№ 192 ЖББМ» КММ. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Отбасы, ата-ана, бала, тәрбие, бақыт, адамгершілік, еңбексүйгіштік,
өсиет, өнеге, қамқорлық.**

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа нәрсемен салыстыруға болмайды. Отбасы- адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Ата-ананың міндеті- баланы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару.

Отбасының қызығы, алтын тіреу-діңгегі-бала. Бала өмірінің бірінші күнінен бастап ата-аналар өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни олар тәрбиеші бола бастайды. Ата-ана бұл болашақ кішкене адамды дене күші мол және, рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оны рухани және ақыл- ойы мен дене құрылысы, яғни тән жүйесі жағынан да жан-жақты даму дәрежесіне жеткізуге баулиды. Өмір ата-аналарға әрдайым тәрбиеші ретінде сан қилы мәселелерді кездестіреді, мұндай мәселелерді олардың үнемі, сағат сайын шешіп отыруына тура келеді. Бөбектің тыжырынып, қабағы қата бастады. Ол тынышталып, көңілді болып күліп- ойнауы үшін не істеу керек? Жас бала өсіп қалды, сонымен қатар мінезі қыңыр, нашар оқитын болды. Себебі не? Баламыз әрқашан шынын айтатын, ал бұл жолы шынын айтпады. Оны жазалау қажет пе, не істеу керек? Мұндай педагогикалық мәселелерді шешу үшін баласына деген ата-ана сүйіспеншілігінің, олардың өмір тәжірибелері мен сезімталдығының көмегі тиеді. Бірақ бұл ғана жеткілікті ме? Ата- бабамыздың « Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналық сөзі бар. Бұл сөз бала өнегелі, үлгілі болуы үшін алдымен, әке-шеше өзі озық, үлгілі болу керек дегенді білдіреді. Көргенділікті әуелі өзі көрсетуі тиіс. Бесіктен белі шықпаған бөбегін жақсылыққа үйретіп, жамандықтан жирентуі керек. Ұлағатты ұстаздың, үлгілі ата- ананың тәрбиесін көріп, тәлімін алғандар ішінен шектен шыққан қыңыр мінезділердің шығуы мүмкін емес. Тәрбиенің кемеңгер білгірі, тамаша оқытушы Н.К.Крупская отбасындағы бала тәрбиесіне аса зор мән берген. Ол: «Отбасындағы тәрбие дегеніміз- ата- аналар үшін бұл ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу деген сөз», - дейді. Яғни біз әке- шеше атанбай тұрып-ақ, педагогтік ықпал жасауға үйренуіміз қажет, перзент көргеннен кейін ұстаздық білімімізді күн санап, жыл санап өсіріп жетілдіруіміз қажет. Қазақ халқы да осы бір

педагогикалық қағиданы парасатты мақал- мәтелдер арқылы шебер бейнелеген. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» немесе « Жақсы бала қонаққа үйір». «Адамның күні адаммен», иә болмаса «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,кісі болмас баланың кісіменен несі бар». Ендеше балаға игі жақсылықты көп көрсетіп, соған бой ұсындыру керек.Он рет өсиет айтқанша,балаға бір рет өнеге көрсетілу керек.

Баланы тәрбиелеуде иландыру, талап қою, үйрете отырып тәрбиелеу мен қатар жазалау, мадақтау сияқты тәрбие әдістерінің түрлерін арагідік және оның оң нәтиже беретіндігіне толық сенімді болған жағдайларда ғана пайдалану керек. Ата-ана балаға күнде қамқорлық жасағанындай, бала да ата-анаға ұдайы қамқорлық жасауы керек. Баланы жасынан, сөйлей бастаған кезінен осыған икемдей, әдетке айналдыра берген дұрыс.Мәселен, шешесі үш жасар қызыңызға бір алма берді,- делік. Бөбек стол басындағы сізге таяп: -Әке, мә,- деп сізбен қолындағысын бөліскісі келді. –Өзің жей ғой, айналайын,күнім-ай деп шығарып салдыңыз. Рас, өзіңіздің татқаныңыздан гөрі балаңыздың тойғанын тәуір көрерсіз. Бірақ та сіз әлгі сәтте алманың бір бөлегін бала көзінше жеуіңіз керек еді, бөбекті қуанышқа бөлеуіңіз керек еді, сіз өйтпедіңіз. Осындай «өзің жей ғой» , «өзің кие ғой» деудің салдары өзімшілдікке соқтырады. «Әкем жесін» , «шешем кисін» , «мен әлі үлгірем» дейтін қамқор жүрек сөзін айтуға үйренсін балаңыз. Балаға жатып жастық, иіліп төсек боп, жалбақтаудан жаман ештеңе жоқ. Өскенде ата-анасының зықысын шығарып, шашын ағартатын да солар. Әр ұл мен қыз : «Әкем мен шешемнің арқасында адам болып келемін, адам болдым, сол үшін мың да бір рахмет деген ойды көкейіне түймесе, сыйлау мен сыйласу жөнінде сөз қозғау желге ұшқан әңгіме.

«Ата- анаңа не көрсетсең ,алдыңа сол келер»- дейді қазақ мақалы. Бас- аяғы алты сөз! Ал адамға берер тағылымы ше? Адамның бүкіл өмірін ауқымына сыйғызып тұрғандай.Осы орайда жоғарыда келтірілген мақалдың ойымен орайлас Лев Толстойдың «Атасы мен немересі» деген әңгімесі еріксіз ойға оралады. ...Келіні мен баласы кәрі атаны күтпейді. «Енді асты итаяққа құйып беремін», - деп зіркілдейді келіні. Бір күні шалдың кішкентай немересі ағаш жонып жатады. Бұның не? деп әкесі сұраса, сәби: -Астау, итаяқ. Шешем екеуің қартайғанда, ас құйып берем,- дейді. Қарттың келіні мен баласы қатты ұялады.Шалды сыйлай бастайды.Иә,тегінде бұл тұрғыдан алғанда, өзімді балаларым, ұрпағым сыйласын десең , солардың көз алдында өз ата- анаңды сыйлай біл.Бұдан әсерлі үлгі болмайды.Кейбір отбасыларда «ұлым кімге тартып осылай болған? Қызымыз болса міне, мүлде басқаша.Бұлар бір ата-ананың бауырында әрі бірдей тәрбие алып жатыр ғой...» , - деген ата-аналардың наза сөзін жиі естуге болады. Ата-ана тақсыретінің сыры көбінесе міне, нақ осының өзінде жасырынып жатқандай. Неге? Осы сұрақтың төңірегінде шығыс ғұламасы Сәйф Сараидың «Түркіше Гүлстан» шығармасының өсиет- өнеге бағытындағы жазылған үзіндіге бір сәт үңілейікші. Бір мәлік(билеуші) ұлын

ғалымға берді де, айтты: «Менің ұлым сенің ұлың , жақсылап тәрбиеле, өз ұлдарыңа қандай тәрбие берсең , бұған да сондай тәрбие бер!» Ғалым мәліктің ұлын тәрбиелеуге көп еңбек етті , бірақ ол ғылым мен әдепті меңгере алмады. Ал ғалымның ұлдары оқымысты , жан-жақты тәрбиелі болып шықты. Мәлік ғалымды кінәлайды: «Бұның қалай, уәде қылып едің ,уәдеңде тұрмадың ғой» , -дейді. Ғалым оған былай деп жауап береді: Ей, Мәлік, тәрбиенің берілуі бірдей болғанымен , қабылдауы әртүрлі болса қайтейін?! Бір отбасының балалары болсын, әр отбасының балалары болсын, олар - жеке тұлға. Адамның жеке басының өзгешелігі оның даралығында. Отбасында да: бала қанша болса сонша жеке адамның болғаны . Жоғарыда келтірілген әңгімедегі негізгі мәселе билеушінің де, ғалымның да балаларына бірдей тәрбие берілгенімен , олардың сол берілген тәрбиені әр түрлі қабылдауында болып отыр. Сондықтан да олар бір- біріне еш ұқсамайды, бірдей жағдай, бірдей әңгімесулер, тәрбиелік ықпалдың бірдей тәсілдері оларға түрліше әсер етеді. «Баланы туады екенсің , мінезді тумайды екенсің». Тәрбиенің күрделі де қиын процесс болатыны да осы мінездің әр түрлілігінде. Сондықтан әр баланың жүрегіне жол тауып, біреуді жылы сөзіңмен баурап, екіншісіне сәл-пәл қатаңдау болып , үшіншісіне әлде нені өзің жасап көрсету керек. Тоқ етерін айтсақ , әр баланың әр қайсысына нақтылықпен қара,- дейді халық педагогикасы.

Баланың адал өмір сүруі, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары олардың ата-аналары үшін айтып жеткізгісіз зор бақыт. Ана жүрегінің лүпілін сезіп, ананың көз жанарынан көңіл-хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын, қиналыс пен кейісті де көре білу керек. Бала ана мен әкенің алдында шыншыл болып, ата-ананың құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың рұқсат ырзалығын алу керек. Ұл мен қыздың шынайы еркіндігі дегеніміз тіл алғыш бала болуы. Ә. Нұршайықовтың «Ұлдарға өсиет», «Қыздарға кеңес» тақырыбындағы студенттермен кездесу кезіндегі сөйлеген сөзін де келтіре кеткен орынды. ... «Жігіттер, қастарыңда отырған қыздарды құрметтендер, мәпелендер. Алақандарыңа салып, әлпештендер. Қыздың жанын қинамаңдар! Қыз болашақтың анасы. Қыз- алдағы ұрпақтың әжесі. Анаңды ардақтап, әжеңді құрметтесең- қызды сыйла, қарағым.

Қыздар! Жандарыңда жүрген жігіттерді ақылмен, әдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер . Өйткені ақыл анадан тарайды, адамгершілік әйелден басталады, қыздан- қылық , тәрбие, тәлім туындайды». Жазушы Ә. Нұршайықовтың осы айтылған өсиет, кеңестері арқылы сөз зергері , халқымыздың мақтанышы М. Әуезовтың ойын жалғастырсақ: «Әуелі адам баласының келешектегі адамшылығына ірге болатын істі сол адамның шыққан ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді» дейді Мұхтар Омарханұлы.

Сондықтан да Мұхтар Әуезов адамшылықтың түп- тамыры отбасынан басталатынын баса айтып, адам қоғамындағы адамгершіліктің нәтижесі ана

тәрбиесі екендігін дәлелдейді. Қорыта келгенде, бала – ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Ата-ананың міндеті- өз баласына бақыт сыйлау. Отбасындағы әке мен шеше бірігіп, ортақ күш- жігер жұмсау арқылы ғана балаға адамдық үлкен бақыт сыйлай алады. Сонда ғана бала- отбасының алтын тіреу-діңгегі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Әлімбаев. Тәрбие туралы әңгімелер. А., «Қазақстан», 1972 ж
2. Ата-анаға арналған сөздік. Семья тәрбиесі. А., «Мектеп», 1970 ж
3. А.О.Пинт. Ата-ана, бұл сіздер үшін. А., «Мектеп» 1970 ж
4. «Қазақстан мектебі» журналы .2001 жыл. № 4
5. Ә.Нұршайықов. Автопортрет. А. «Жалын» 1977 ж. 13-б.
6. С. Мақыпұлы. А. Қыраубайқызы. Қазақ әдебиеті . 8-сынып.

R00054 12.12.2020

Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту

БЕСТИБАЕВА АИИДА АСХАТОВНА

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің Қапал ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Бәбек балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Тәрбиеші

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» Халық даналығы ХХІ- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ойөрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып , олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының ісәрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу істіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарымқатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің: — балалардың сөздік қорларын дамыту; — жаңа сөздерді меңгерту; — үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің артуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлеміз және бұл біздің ең негізгі алдымызға қойған мәселеміз. Сонымен, баланың сөздік

қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Ойынның маңызы: 1. Ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы, артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

2. Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, балалардың білімінің сапасын арттыруда, оқу іс-әрекетін қызықты өткізуге, тәрбиеші үшін тиімді.

3. Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды, ойын арқылы тәрбиелейді. Тәрбиешілерге балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған көмек құралы ретінде төмендегі ойындар топтамасын ұсынып отырмын.

1) Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар Төрт құбылыс Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады. Көңілді шеңбер Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? - деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады. Орнықты тап Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады. Ойыншықты сипатта Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады. Сөзді есінде сақта Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек. көктем - жаңбыр жаз - күн шықты аспан - бұлт жер - шөп

2) Қиялды дамытуға арналған ойындар Менің көңіл-күйім қандай Балалар өз көңіл-күйлеріне сәйкес келетін суретті тауып атайды (көңілді - көңілсіз, ренжулі, қорқынышты, ...т.с.с.). Сол кездегі өздерінің көңіл-күйлерін баяндайды. Басқа суреттегі көңіл-күйге сәйкес болған жайды әңгімелеп береді. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Ойын-балалардың өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын, төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, іскерлікті, көп білуді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар

педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Ойын тек баланың, дене күшін, қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б. ғана тәрбиелеп қана қоймайды, оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниесінің қалыптасуына, есейуіне де пайдасын тигізеді. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын- бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымайды, бала отбасымен және қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді. Ойын арқылы баланың болашаққа көзқарас қалыптасады. Кішіге қамқорлық көрсету, әлсізді қорғау, ренжітпеу, жолдарымен ойын барысында бірлесе шешім қабылдау, басқа адамның еңбегін бағалай білу дегенді олар күнделікті ойын негізінде сезінеді. Қандай ойын түрі болсын, дидактикалық па, шығармашылық па, қимылды ма, саусақ ойыны ма, сюжеттіме, драмалық болсын баланың ой-өрісін дамытады, сөздік қорын молайтады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, қиялдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді.

R00055 12.12.2020

Тәуелсіздік - ел тірегі

БАЛАБЕКОВА ЖАДЫРА САРСЕНҚЫЗЫ

Жамбыл облысы Меркі ауданы Кеңес ауылы

№ 6 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың тақырыбы:	Тәуелсіздік - ел тірегі!	
Сабақтың мақсаты:	Оқушы бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Тақырып бойынша сөйлесім жұмыстарын ұйымдастыру. Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендігін ұғындыру; Сөйлеу мәдениетін дамыту.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	коммуникативті, салыстырмалы, СТО технологиясының элементтері, сұрақ-жауап, кроссенс	
Көрнекіліктер:	видеосюжеттер, презентация, суреттер	
Сабақтың өту барысы:		
Кезең	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Қызығуш	Видеосюжет арқылы тақырыпқа	Өз ойларын жеткізеді.

ылықты ояту	көшу. «Отан» деген сөзді естігенде есіңізге не түседі. Ассоциация туғызу. Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.	
Мағынаны ажырату	1. - Отаным-сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке – Қазақстан. Қазақстан – тәуелсіз, азат ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр, қайғыға толы кезеңдерімен есте қалады. 1916 жылғы көтеріліс 1928-1932 жылдардағы аштық, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы жерді дүрсілкендірген желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де біз оны ешқашан ұмытпаймыз. Себебі бұл – тарих. Оқушылар Қазақстанның кешегі күніне, яғни тарихқа шолу жасайық. 2. Әр топқа тапсырмалар беріледі. Берілген тапсырмаға 3 мин ішінде постер жасау. 1 топ – 1465-1986 жылдардағы тарихы. 2 топ – 1986 жыл. 3 топ – 1986-1991 жылдар. 4 топ – 1991-2015 жылдар. 3. Постер қорғау. 1 топ бастайды. 2 топ қорғайды. <i>1 минут үнсіздік жариялау.</i> <i>Видеосюжет көрсету.</i> <i>«Желтоқсан желі» өлеңін бүкіл сыныппен бірге айту.</i> 1991-2015 жылдар. Қазақстан бүгін. (Бүгінгі күннің тарихына шолу)	Өз ойларын айтады. Әр топ өзіне берілген тапсырмаға постер жасайды. 1 топ өз постерін қорғайды. 1465-1466 жж. - Қазақ хандығы құрылуы. 1511-1521 жж - Қасым хан. 1538-1580 жж - Хақназар хан. 1582-1598 жж - Тәуекел хан. 1598-1628 жж - Есім хан. 1629-1652 жж - Жәңгір хан. 1680-1718жж-Тәуке хан. 1718-1748 жж-Әбілхайыр хан. Жоңғар шапқыншылығы. Ашаршылық. Репрессия ҰОС Желтоқсан оқиғасы. Құс ұясыз болмайды адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным-сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке – Қазақстан. Қазақстан – тәуелсіз, азат ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті.

	Қазіргі кезде Қазақстан қандай? Біздің туып - өскен жеріміз, еліміз – Қазақстан. Еліміз мұнайға пайдалы қазбаларға өте бай. Қазір ынтымағы жарасқан көптеген ұлттың өкілдері тұрады. Олар: орыс, татар, өзбек, неміс, түрік т.б. көп ұлттар тұрады. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біздің еліміздің президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілікті нығайту жолында көп жұмыстар атқарып келеді. Еліміз ЕД, ТМД, БҰҰ ұйымдарына мүше. Қазір еліміз алдыңғы қатарлы дамыған 30 елдер қатарына қосылуға талпынып жұмыстар атқаруда. Мемлекетіміз заман талабына сай заманауи техникалар мен машиналар, өнеркәсіптер қарыштап дамып келеді. Мен осы тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматы болғанымға мақтанамын. Қазіргі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарында енген мемлекет. Еліміз, тәуелсіз, дербес ел атанды. Ел өз қалауымен президентті сайлап Ата Заңымыз бен мемлекеттік рәміздерді қабылдадық. Ана тіл-қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы. Ол күннен күнге жаңарып, жаңа белестерге көтерілуде. Осы мемлекетті одан да биіктен көрсету ұрпақтың, қазақ ұландарының қолында деп есептеймін. Оқушылар тақта алдына шығып ант етеді:	Әсіресе XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр, қайғыға толы кезеңдерімен есте қалады. 1916 жылғы көтеріліс 1928-1932 жылдардағы аштық, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы жерді дүрсілкендірген желтоқсан оқиғасы. 1941-1945 жылдары адамзат тарихында болмаған алапат соғыста, бірлік жолында жан қиған қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзатты қорғап, ерекше ерлік көрсетті. 100-ге тарта қазақ қаһарманына Кеңес Одағының Батыры деген абыройлы атақ берілді. 20 ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел қазақ көргенді көрген жоқ. 1949-50 жылдары Семей полигонында сыналған 600-ден астам ядролық жарылыстардың кесірінен осы өңірдегі 500 мыңнан астам адам уланды. 2 топ оқушылары: 1986 жыл Біздің еліміздің басынан қандай қиын-қыстау кезең өтті? Желтоқсан оқиғасына бөлек тоқталайық: 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы Кеңес империясының тоталитарлық режиміне
--	---	--

	Біз тәуелсіз, бәсекеге қабілетті, бай, экономикасы дамыған, алдыңғы қатарлы елдің нағыз патриоты болуға ант етеміз! “Елдің жастарға жасауы” Тәуелсіз елдің жастарына жасалып жатқан шараларды топтастыру. Бала құқығын қорғау конвенция. Үштұғырлылық – заман талабы. Оқу кабинеттері жасақталуда. Мектептер, балалбақшалар саны көбеюде. Интерактивтік жүйе енгізілуде. Халықаралық “Болашақ” степендиясы тағайындалды. Жоғарғы оқу орындарын ашу. Жастар саясаты қолдау алды. 4. Ендеше сендердің өнерлеріңді тамашалайық.	тұңғыш рет қарсылық ретінде тарихта қалды. Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира, Мырзағұлдар-елдің нағыз ерлерінің ерлігін ешқашанда ұмытпаймыз. <i>1 минут үнсіздік жариялау.</i> 1986 жылдың желтоқсаны. Атыраудан Алтайға, Сарарқадан Алатауға дейінгі байтақ жерімізге желтоқсанның қанды қара дауылы үдей түсіп дүбелең жайылды. Қазақтың көптеген азаматтарының мойындарына қыл шылбыр салынды. Әділдік үшін бой көтерген жас боздақтардың маңдайы тасқа соғылды. Бастарына қара бұл түйірілді. Флешмоб билейді. Күй шертеді.
Ой толғау	Болашақ біздің көзімізбен. Экранда берілген кроссенс арқылы қорытынды жасау. «Көк тудың желбірегені» өлеңін айту.	Оқушылар өз ойларын айтып жеткізеді. «Көк тудың желбірегені» өлеңін айтады.

R00056 12.12.2020

Ананың жүрегі қашанда –ақ!

САРСЕНБАЕВА ТАЗАГУЛ ШАЛАБАЕВНА

Манғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы «Теңге бөбекжай-бақшасы
II-блок тәрбиешісі

Мақсаты: Балаларға ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер арқылы анаға сүйіспеншілікпен қарау, ана мейірімін, махаббатын, жақсылығын түсіндіру. көктемнің ең алғашқы мерекесі, «Аналар мерекесімен» орай, өздерінің қолдарынан келген өнерлерін, сүйікті аналарына көрсетіп, құттықтау.

Тәрбиеші: Армысың әжелерім аналарым,
Мейірбан аппақ көңіл даналарым.
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,
Құттықтайды сіздерді балаларың.

Қымбатты сүйікті аналар, құрметті ұстаздар!

Бүгін біз көктемнің алғашқы күні 8 наурыз аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз. Баршаңызға денсаулық өмірлеріңізге шаттық, мерекелік қуаныш сыйлаймыз. Мерекелеріңіз құтты болсын. Бүгінгі №1 «Балбөбек» II-кіші тобының «Аналарға мың алғыс» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: Ақ тілекті ағытып бір тастайық,
Аналардың мерекесін бастайық.
Көздеріңнен көрем шаттық арайын,
Өтсін солай әрбір күнің, әр айың-дей отырып, ортаға

№1 «Балбөбек» кіші тобын қарсы алыңыздар.

Балалар залға әуен ырғағымен кіреді.

Тәрбиеші: «Аналарға жырдан шашу шашайық» кезекті балаларымыздың тақпақтарына береміз:

Ибрахим: Анашым анам,
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды болам.

Айару:
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

Сейітқожа: Айналайын ақ әжем,
Аппақ әжем пәк әжем.

Еркеназ: Баланың да тірегі,
Дананың да тілегі.

Ауырмасын ешқашан,
Аналардың жүрегі.

Тәрбиеші: Шат көңілді балалар
Шаршағанды білмейді
«наурыз мерекесі» келді деп,
«Ақ мамам» әніне береміз.

Ән: «Ақ мамам».

Тәрбиеші: құрметті аналар келген қадамдарыңа гүл бітсін, енді өнерімізді
аналарға арналған тақпақтарға береміз.

Тұмар: Айналайын анашым,
Көкте күн боп жанасың.

Абдукарим: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Балаларды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жаннұр: Шаттық сезім ала келді,
Қуанышты күнде енді,
Құттықтаймыз сіздерді.
8-Наурыз мерекенмен!

Нұриман: Әже деген көп шығар
Әжемдей жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі
Қандай әсем күлкісі

Тәрбиеші: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
Босқа қарап тұрмаңыздар.
Той дабылын қағып тұрған,
Мұнда біз бар!
Көктем жетті көл көсір,
Қиылып жылап тұрып.
Шатырында үйлердің.
Наурыз жүр мұз пердесін,
Ақпанның лақтырып дегендей.

Балалар бізге қонаққа ару көктем келді. Қарсы алайық.
Ортаға әуен ырғағы мен көктем ханшайымы келеді.
Балалар мен сендерге өзіммен бірге бір ойын ала келдім

Балалармен ойын: «Кім жылдам»

Ойынның шарты: Балалар екі орындықта орналасқан Әже мен ананың
кеспе(суреттің ауыз жағы тесіліп,тоқыма жіпті тез орау) жеуі,кеспені кім
жылдам жеп бітіретінінде.

Тәрбиеші: Көктем келді бүгін,

Күнін төкті нұрын.

Сайрап барлық құстар,

ән салуға құштар.

Түрлі – түсті әйбат,

Гүлдер шықты жайнап.

Қызыл – жасыл аймақ,

Қырға шықты ойнап. Келесі кезекті қыздарымыздың орындауындағы

Көктем аруымен би: «Көктем»

Тәрбиеші: Келесі кезекті тақпаққа береміз.

Бекжан: Ақ мамады әрқашан

Сағынамын сыйлаймын

Қанат: Құттықтаймын анашым,

Сегізінші наурызыңызбен!

Айсұлу: Сағындым ана өзіңді,

Шуағын шашқан көзіңді.

Мейірге толы құшағың,

Оятар асыл сезімді.

Нұрсезім: Ақ анашым аппағым

Өзің жайлы таппағым,

Өзің жайлы әнімде

Арнадым саған бәрінде

Тәрбиеші: Көктем қандай көңілді,

Күміс жаңбыр төгілді.

Мөлдір аспан ашылды,

Күн пердесі төгілді.

Жыршы құстар көп келді -деп келесі кезекті:

Ән: «Топ-топ балақан»

Ойын: Ата – анамен ойын. «Шар жару»

Ойынның шарты: Аналар ортаға шығып ек ана арқасын айқастырып шарды жаады. Шарда берілген сан бойынша топқа бөлініп, шарлармен көктем аруын жасау, өз фантазияларымен.

Көктем аруы балалармен қоштасады.

Тәрбиеші: Асыл жан деп әлемде,

Ардақтаймыз өлеңге.

Суретін оның салады,

Сегізінші наурызда.

Құттықтаймыз ананы,

Теңеп оны жұлдызға.

Келесі кезекті: 8-наурыз аналар мерекесіне арналған тақпақтарға береміз.

Азамат: Наурыздың сегізі,

Сұлулықтың негізі.

Алихан: Сәлем жазып бүгін саған,

Мейрамыңмен құттықтаймын.

Шерхан : Анам мені Айым дейді,

Мен мұңайсам уайым жейді.

Анам мені күнім дейді,

Мен қуансам күлімдейді.

Тәрбиеші: Шат көңілді балалар

Шаршағанды білмейді

«наурыз мерекесі» келді деп,

«Көктем вальс» биін билейді.

Би: «Вальс»

Тәрбиеші: Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем әнмен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй дегендей бүгінгі Балбөбек тобының сіздрге
арнаған ертеңгілігі осымен аяқталды, көріп тамашалап, тыңдағандарыңа
рахмет!

МАЗМҰНЫ

- НУРДАУЛЕТОВА НУРГУЛ ХАСЕНОВНА
- СЫДЫКОВА ГУЛЬНАЗ МЫРЗАХАНОВНА
- КУРМАНБАЕВА РАБИГА АУЕЛБЕККЫЗЫ
- ДАМОЛДИНА ЖАНАТ КУАНЫШОВНА
- ЖОДАСОВА АЙНУР АЛИБЕКҚЫЗЫ
- КАЛИЕВА САЛТАНАТ АУЕЗОВНА
- МАХАНОВА САНДУГАШ БЕРИКОВНА
- АЛИАСКАРОВА АКЕРКЕ НҰРГЫЗЫЕВНА
- ДЖАРТАЕВА КАРЛЫГА ЕРМЕКБАЕВНА
- БЕСТИБАЕВА АИИДА АСХАТОВНА
- БАЛАБЕКОВА ЖАДЫРА САРСЕНҚЫЗЫ
- САРСЕНБАЕВА ТАЗАГУЛ ШАЛАБАЕВНА